Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 желтоқсан сейсенбі
№98 (2005)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ НЕГЕ ТОҚТАП ТҰР, ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, жылдар бойы қордаланған инфрақұрылым мәселесін шешу және отандық өндірісті дамытуға қатысты қала аумағында жүзеге асырылып жатқан ілкімді істердің жұмыс сапасын қадағалау басты назарда. Тіпті облыс және қала әкімдерінің өздері де бұл мәселелерді назардан тыс қалдырмай, жан-жақты бақылап отыр. Өйткені атқарылған әрбір іс уақытылы әрі сапалы аяқталып, ел игілігіне берілуі тиіс. Бәйтерек тұрғын ауданына Қызылжарма арнасы арқылы өтетін автокөлік көпірі құрылысының басталғанына да біршама уақыт болса да аяқталған жоқ. Негізі жоспар бойынша бұл көпір биылғы жаздың соңында берілуі керек болатын. Толығырақ тоқталсақ...

3 БЕТТЕ

АСТАНАДА АЙШЫҚТАЛҒАН СЫР ӨНЕРІ

Сұлу Сырдың жұлдызды өнер керуені елордаға жол тартып, астаналықтардың ыстық ықыласына бөленіп қайтты.

Мәдениет пен өнер мерекесінің шымылдығы Астана қалалық Жастар театры сахнасында Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының «Жәмилә» драмасымен ашылды.

Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бұл драмасында жас әйелдің нәубетке толы махаббаты айшықталады. Басты кейіпкер Жәмилә арқылы қоғамдағы сол кезеңдегі әйелдердің сынаққа толы образы бейнеленеді.

Елордалық тұрғындар мен мәртебелі меймандар Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының әртістері сахналаған қойылымға зор қошеметпен қол соқты.

Елордадағы Қызылорда облысының өнер күндерінің екінші күнінде мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығы аясында Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклі сахналанды. Бұл спектакль көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің қиындыққа толы тағдырынан сыр шертеді.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Бұл – «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, экономист-ғалым Гүлшат Мұсаеваның сөзі.

Бүгінде қарызға батқан қоғамның мәселесі үкіметте талқыланып, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жайы талқылануда. Осы орайда «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жобаның мақсаты мен тиімділігі жайында «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, экономист-ғалым Гүлшат Мұсаевамен сұхбаттасқан едік.

АДАМДА ЕКІ ТАҢДАУ БАР

– Партияның «Қарызсыз қоғам» жобасы қаншалықты нәтижелі болуда? Тарқатып айтсаңыз. Жалпы кездесулер өткізіп, қаржылық сауаттылық туралы айтумен шектелмей ме?

– Биыл мамыр айында «AMANAT» партиясы 8 өңірде – Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Түркістан, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты.

Жобаның басты мақсаты – жеке тұлғалардың, әсіресе проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауаттылығын арттыру. Жобаның кеңесшілері азаматтарға банктер мен шағын қаржы ұйымдары алдындағы мерзімі өткен берешектерді реттеу бойынша кеңес береді, қаржыны тиімді жұмсауды үйретеді. Одан бөлек, enbek.kz порталына тіркелу мен жеке кәсіп ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін жасауға дейінгі көптеген сұрақ бойынша кеңес ала алады.

Сондай-ақ жоба аясында заңгерлердің де көмегі беріледі. Олар әр қарыз алушының несиелік тарихын жеке зерттейді және қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Биыл «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы арқылы 60 мың адамды оқыту жоспарланған болса, бүгінге дейін 64 мың адам білім алған. Ал келесі жылға 200 мың адамды қамту көзделіп отыр. Осыдан-ақ жобаның нәтижелілігін байқауға болады. Жалпы, жобаның тиімділігін және халық тарапынан оң пікірін ескере отырып, Мемлекет басшысы республикалық маңызы бар барлық облыс орталықтары мен қалаларда кеңінен таратуды тапсырды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Жобаның ауқымын кеңейту туралы арнайы меморандум әзірленіп, соның негізінде 9 мемлекеттік орган, 12 банк, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы және микроқаржы ұйымдарының қауымдастығы жобаны іске асыруға қосылды. Айта кетейік, өңірлердегі банк қызметкерлері бұл жобаға белсенді үлес қосуда. Олар дәріс оқып, өз тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрағына жауап беруде. Нәтижесінде, халықтың қызығушылығы артты.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ДӘУЛЕТТІҢ САБЫНЫ

Осыдан 6 мың жыл бұрын сақар мен майдың қосындысынан сабын жасалған. Оны ғалымдар дәлелдеген. Тіпті сабын туралы Рим кезіндегі дәрігер Галеннің шығармаларында да жазылған көрінеді. Кесекке ұқсас қатты көрінгенмен суға салғанда ери түсетін сабын өндірісі XIX ғасырда сода түрі табылып, сабынды көп мөлшерде өндіре бастаған. Өзге елдің емес, отандық өнімді қолдану үшін сабын шығаруды қолға алған, оның ішінде Қызылордада сабын шығарып отырған кәсіпкерлер бар. Соның бірі – жас кәсіпкер Дәулет Ізбасарұлы. Отыздан енді асқан жігіт кәсіпке қалай келгенін айтып берді.

– Он жылдың ішінде мемлекеттік қызмет пен бюджеттік мекемеде жұмыс істедім. Кейін кәсіпкер болуды шештім. Себебі өзімнің «бір қызметте 3-4 жылдан артық жұмыс істеуге болмайды» деген қағидам бар. Осы қағиданы ұстанып, кәсіпкер жолын таңдадым. Жалпы адам баласы жан-жақты ізденіп, барлық саланың қыр сырын білуі тиіс. Бірақ барлық салада жұмыс істеп көру тұрақсыздыққа айналып кетпеуі керек, – дейді кәсіпкер.

Кейіпкеріміз 2019 жылы кәсіп бастар алдында той ұйымдастыру орталығында қызмет көрсету бағытында жүрген. Бір жылдан кейін өндірістік «Әділет» дара кәсіпкерлігін құрып цех ашқан.

– 2020 жылы барлығымызға белгілі әлемде пандемия басталды. Артынша барлық елдің шекарасы жабылып, блок бекеттер қойылып, сырттан тауарлар келмеді. Келген күннің өзінде де қиындықтар орын алып жатты. Сол кезде қандай өндіріс жасаймыз деп ойлана келе өндірістік өнімді өзіміз жасап шығаруды қолға алдық. Осылайша алғашқылардың бірі болып, адамның гигиеналық тұрғыда қажет ететін сабын өнімін шығаруды бастадым, – дейді Дәулет Ізбасарұлы.

2021 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы грантқа қатысқан жас кәсіпкер 4,5 млн теңге қаржыға ие болып, «Ақниет» атты кір жуғыш ұнтағын шығарған. Бұған дейін «Таза» сабын атауына сәйкес «Таза ұнтақ» атауымен шығаруды жоспарлаған кәсіпкер не себепті «Ақниет» деп өзгерткенін де мәлім етті.

– Алғашында «Таза ұнтақ» атты кір жуғыш болатын. Қызымыз дүниеге келгеннен кейін «Таза ұнтақты» сол қызымыздың атына «Ақниет» деп өзгерттік. Қазіргі таңда осы «Таза» сабыны мен «Ақниет» атты кір жуғыш ұнтағын шығарудамыз. Мұнда 8 адам жұмыс істейді, – дейді кейіпкеріміз.

Сабын цехын бізге таныстырған кәсіпкер сабынды шығару барысы қарапайым болғанымен, жұмыстың күрделі жағы да бар екенін жеткізді.

Жас кәсіпкер сабынның шикі затын шығару үшін жергілікті өнімдерді қолданады. Оның ішінде сиырдың іш майы мен күнбағыс майы, яғни табиғи өнім. Ал кір жуғыш ұнтаққа қолданатын шикі заттың басым көпшілігін Ресей мен Қытайдан алдырады. Осылайша күніне сабынның грамына қарай 3 түрін 1000 данадан жасаса, кір жуғыш ұнтақтан 80 келі шығарады.

Жалпы «Әділет» дара кәсіпкерлігі қала көлемінде өткізілетін жәрмеңкеге қатысып, өзінің өнімдерін ұсынып келеді. Содан бері отандық өнімге деген сұраныс артып келеді.

Одан бөлек Ұлытау, Қарағанды Астана қалаларына да жібереді. Себебі онда өнімдердің өзіндік тұтынушылары бар. Осындай мәліметке қанық болған біз жас та болса бас болып, үлкен істі қолға алған Дәулеттің ісіне сүйсіндік, тіпті тәнті болдық.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

АДАМДА ЕКІ ТАҢДАУ БАР

– Жасыратыны жоқ, біз қарыздан қорықпайтын елге айналдық. Бір адамның басында бір емес, бірнеше несиесінің болуы қалыпты жағдайға айналды. Сіздіңше, қарызсыз өмір сүрудің қандай жолы бар?

– Адамдарда қаржылық сауаттылық бойынша екі таңдау бар:

Бірінші санаттағылар табыс табады, жинақтайды, ақшасын депозитке салады.

Екінші санаттағы адамдар табыс табады, ақшаны жұмсайды, жетпесе, тағы қарыз алады.

Бірінші жолды табысты адамдар, кәсіпкерлер таңдайды. 20 мың теңге тапса да 2 мың теңгесін жинайды. Оны сақтандырып, көбейтеді.

Ал қарызға батқан адамдар қалай табыс келеді, солай жаратып жібереді. «Ақша оңай келді, оңай кетті» деген қате түсінік бар. Ақшаны жұмсау адамдардың жауапкершілігінде. Көпшілігі артық ақша табыстың нәтижесінде болады деп ойлайды. Алайда бұл жаңсақ пікір. Себебі қаржылай сауатты болу мен тұрақтылық табыс көлеміне байланысты емес. Мысалы, миллион теңге тапқан адам да қарызға батуы мүмкін. Алайда ауылдағы кейбір отбасы аз табысының өзін ұқсатып, шаруасын дөңгелетіп, табысын арттырып, жинақтауы мүмкін. Сондықтан материалдық жағдайы әртүрлі адамдардың қаржылық сауаты да әртүрлі болады. Адамның үш табыс көзі, негізгі табыс, қосымша табыс, инвестиция сынды табысы болуы керек.

– Экономист ретінде қарызсыз өмір сүрудің қарапайым ережесін айтсаңыз...

Бірінші, қаржылық сауаттылықты арттыру қажет. Ең бастысы, отбасылық бюджетті басқара білу керек, оның ішінде алдымен өзіңіздің кірістеріңіз бен шығындарыңызды есептеу қажет. Бір айдағы табысыңыздың мөлшеріне орай шығындарды жоспарлайсыз. Табысыңыз өзгерсе, бюджетті қайта қараңыз.

Екіншіден, әрбір айдағы табысыңыздың 15-20 пайызын жинақтап, өте қажеттілік болмаса «қол сұқпайтын» қор құруыңыз керек.

Мұнан соң ай сайынғы аса қажетті шығындар болмаса, өз-өзіңізді кездойсоқ шығындардан шектеңіз. Бұл, әрине, оңай шаруа емес, дегенмен тырыссаңыз қолдан келеді. Мәселен, дүкендерге нақты тізіммен барыңыз, сондай-ақ заттарды эмоциямен сатып алмаңыз. Егер қандай да бір зат алғыңыз келсе, онда 72 сағат шыдаңыз. Шешімді осы уақыттан кейін қабылдаңыз.

Төртінші, ақшаны еселеудің ең тиімді түрі – депозит. Сондықтан аз да болсын, депозит ашып, ақша жинай беру қажет.

Бесінші, ең тамаша шешім өзіңіздің қолыңыздан келетін шаруаны әдетке айналдыру арқылы қосымша табыс көзін табыңыз. Мен Ресейдің біршама ірі қалаларында демалыс күндері өздерінің қолөнер туындыларын, қажет емес басы артық жаңа және қолданған дүниелерін жайма базарда сату мүмкіндігі жасалғанын көрдім. Кәдуілгі, баяғыда бізде де болды ғой кішігірім жайма базарлары. Ол жақта көлемді базарларда пайдаланылған, пайдаланылмаған заттар саудада. Халықтың басым бөлігі – зейнеткерлер. Олар үшін сауда-жұмыс, қарым-қатынас, қосымша табыс.

Алтыншыдан, егер несие алуға мәжбүр болсаңыз, оның ай сайынғы төлем мөлшері табысыңыздың 30%-ынан аспауы, ал отбасылы болсаңыз ерлі-зайыптылардың біреуінің табысының 50%-ынан аспауы тиіс. Сонымен қатар ұзақ мерзімді несиеге бел бусаңыз, келешек табысыңыздың мөлшерінің өзгеруін, қауіп-қатерлерді де (жұмыстан қысқару, жалақының өзгеруі, отбасы мүшесімен толығуы, т.б.) болжап, есептеуге міндеттісіз.

– Партияда «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асырғалы бері қандай зерттеулер жасадыңыздар, қандай түйін түйдіңіз?

– Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2022 жылы еңбекке жарамды 5 қазақстандықтың төртеуінде несие болған. Қаржылық сауатсыздықтың салдары орасан. Қарызы көбейе берген соң несиеге барып ұрынады. Көп кездесетін жайт – несие алған кезде азаматтарымыз банктің пайыздық мөлшерлемесін есептеп жатпайды. Мысалы, жобаға қатысушылардың 63,1%-ы несие бойынша пайыздар мен артық төлем мөлшерін білмеген. 38%-ы отбасының жалпы орташа табысы 70 мың теңге көлемінде ғана бола тұрып, банктерден және шағын қаржы ұйымдарынан 2-ден 4-ке дейін несие алған. Соның салдарынан ай сайынғы берешегі табысынан асып түсіп жатады. Бұл жағдайда не істейді? Әрине, қарызын төлей алмаған соң ол адамның есепшоты бұғатталады. Тіпті, 13,8%-ның 10-нан астам несиесі бар. Сонымен қатар мұндай санаттағы адамдардың қатарында алаяқтарға алданып қалғандар да, құмар ойындарға тәуелді болғандар да кездеседі. Ол бөлек әңгіме. Жалпы, қарызға бату мәселесін жан-жақты қарау керек.

«Қарызсыз қоғам» бағдарламасы бойынша оқыту мақсатында 60 сарапшы, 18 заңгер жұмыс істеп жатыр. Сарапшылар 45 адамға банкроттыққа өтуге көмектескен және 1181 адам реструктуризация жасап, 2551 депозит ашылған.

Несие алғанда да келісімшартын мұқият оқып, саналы түрде шешім қабылдасын деген ой келеді. Бұл жобаға банктер де қызығушылық танытып отыр және оның өзіндік себебі бар. Мысалы, бізге халықтың қаржылық сауаты артқаны, ал банкке несие алған адамның ай сайын несиесін төлеп, банктің бюджетін толтырып отырғаны керек. Әйтпегенде, олар да борышкерлердің артуынан шығынға батып жатыр.

– Бүгінде киім-кешек, тұрмыстық заттарды айтпағанда азық-түлікті де несиеге алу қалыпты жағдайға айналып барады. Мүмкін, халықтың табысы мен нарықтағы баға сәйкес келмейтіні де қарыздан-қарызға өмір сүруге итермелеп отырған шығар?..

– Қазір түрлі сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету саласы дамып келеді. Олардың жарнамалары да керемет, тартып тұрады. Оларға төтеп берудің өзі қиын... Дегенмен мүмкін болса, үнемдеп, қолда барды ұқсату қажет деп ойлаймын. Ілгеріде естеріңізде болса, үлкен кісілер келіндердің тірлігіне сипаттама бергенде «жоқтан бар жасайтын» деуші еді ғой. Мұның астарында талай мән жатыр. Мейлі дүние құрау, мейлі тамақ істеу, т.б. Ана ұрпақты ғана емес, тұтастай ұлтты да тәрбиелейді. Әкенің орны тіпті ерек. «Жігітке жеті өнер де аздық етеді». Отбасы институтын дамытуға шындап кірісу дұрыс болар еді. Нағыз еңбекқор, жауапкершілікті, ісіне тиянақты, сөзіне берік, ар-намысты ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

– Тығырықтан шығар жол – банктердегі несие пайызын арзандату. Бұған сіз қалай қарайсыз?

– Екіұдай пікірдемін. Несие пайызына инфляция, валюта бағамы, төлем қабілеті, тауарлар мен қызметтердің бағасы, т.б. маңызды факторлар әсер етеді. Несие пайызын арзандату маңызды, әрине, бірақ екінші жағынан, несие алушылардың қатары да, қарыз алу мөлшері де артады. Несиенің аты – несие. Былайша айтқанда қарыз. Кім қарыз болғысы келеді? Дегенмен біреу мұқтаждықтан, біреу қызығушылықтан, біреу қызбалықтан да несие алатын жайттар кездеуде.

Халықтың табысын арттыру бойынша кешенді шаралар қажет: банк жүйесінің қызметін қадағалау, кәсіпкерлікке кең өріс беру, өндіріс ошақтарын ашу, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықты жұмыспен қамту.

– Сізбен сұхбаттасар алдында көпшіліктен сауалнама жүргізіп көрдім. «Каспий жұма» акциясы кезінде несиеге зат алдыңыз ба?» деген сұраққа көп ата-аналар баласына 800 мыңға айфон алып бергенін айтады. Демек, бұл қаншама отбасының тағы да екі жылға 800 мың қарызды қайтаруға тырмысатыны белгілі. Жалпы бізге ақшаға деген қарым-қатынас пен көзқарасты өзгерту керек сияқты. Бұған не дейсіз?

– Орынды пікір. Ақшаға деген қарым-қатынас, көзқарасты өзгерту бүгінгі заман талабына айналып отыр. Біз нарықтық экономикада өмір сүрудеміз. Әрине, әрбір азамат қаржылық тұрғыда сауатты болса, өз қаржысын тиімді басқара алады. Сол үшін де балаларды мектептен, тіптен балабақшадан қаржылық сауаттылықтың, отбасылық бюджет негіздерінің әліппесін үйрету, қазіргі креативті индустрия деп жүрген үй жағдайындағы қолөнер шеберлігіне, жалпы, еңбекке баулу аса маңызды. Президент Қазақстанда бұл сала әлі дамымағанын және креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі 1%-ға да жетпейтінін атап өтті. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 12%-ға жетіп отыр. Демек, бұл саланы дамыту, жаңа нарық, жаңа тауар, жаңа қызметтің пайда болуына әкеледі. Одан бөлек, қолынан іс келіп тұрған жан ең болмағанда аш қалмайды ғой...

Аса маңызды мәселе – үнемдеу мәдениетін қалыптастыру, осы бағытта жұмыс істеу.

– Қазір өз табысыңа сай өмір сүру мүмкін бе? Сіз қалай ойлайсыз?

– Халықтың табысы да, өмір сүру стилі де әртүрлі болғандықтан, жалпылама айта алмаймын. Нақты адам, нақты отбасы, нақты табыс мөлшерін білсем, соған сәйкес нақты жауабын берер едім. Жалпы жағдайды саралап көрелік. Осы күні қазақстандықтардың басым көпшілігі табысының 50-55 пайыздан астамын азық-түлікке жұмсайды. Өздеріңізге белгілі, жалақы өсіп, әлеуметтік төлемдер артып, қажеттіліктер мен баға өсуде. Дегенмен жұмыссыз қалған отбасы мүшесі жұмыс таба алады немесе әлеуметтік жәрдемақы алады. Бірақ ол да әрбір отбасының қалыптасқан өмір сүру салтына, сұранысы мен қажеттілік талғамдарына тікелей қатысты.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Мен таңдаған мамандық

Әлемде 50-мыңға жуық мамандық бар және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Республикада жыл сайын жүздеген және мыңдаған шақырым республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары салынады және жөнделеді

Мен И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі 07320700–«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы» мамандығының Ад-23о оқу тобында дәріс алудамын.

Республикада жыл сайын жүздеген және мыңдаған шақырым республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары салынады және жөнделеді. Білікті мамандар әрдайым қажет. Алайда нарықта жақсы кадрлардың жетіспеушілігі бар. Бұл жол шеберлері, құрылыс инженерлері, инженер-сметашы, зертханашылар, геодезистер, асфальтбетон жұмысшылары, асфальт төсегіштер, автогрейдерлер, механизаторлар, қайта өңдеушілер, арнайы техниканың жүргізушілері және басқалар. Бұл негізгі жол салуға қажетті мамандар. Міне, осы себепті мен аталған оқу орнындағы «құрылыс-технигі» мамандығын таңдадым.

Бұл мамандықтың артықшылығы – үлкен сұранысқа ие болуында. Әлемдік машина жасау бүгінгі таңда қарқынды дамуда. Заманауи компьютерленген техниканы нағыз кәсіби мамандар басқарса ғана, ол бәрін жасай алады.

Саят АСАНБЕКОВ,
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің АД-23о оқу тобының студенті

Әлеуметтік серіктестік – бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың негізі

Бүгінгі таңда елімізде мамандарды даярлаудың сапасын арттыруда әлеуметтік серіктестікпен білім беру жүйесінде жан-жақты өрістету өмір мен өндірістің өз сұранысын туындатып отырғаны да аян. Бұл техникалық жұмысшы кадрлар әзірлеу ісінің бүгінгі заманға озық жүйесі. Мұндай жағдайда арнаулы оқу орындарындағы теориялық білім беру тәсілдері өндірістік кәсіп орындарда тәжірибелік қадамдар мен тығыз ұштастырыла жүргізіледі.

Мен И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі 07320700–«Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы» мамандығы бойынша білім алудамын.

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының базасында өндірістік тәжірибеден өтудемін.

Колледжіміздің білім алушыларына орталықтың заманауи зертханасында түрлі сынамалар жүргізіліп, теориялық білімімді тәжірибемен байланыстырудамын. Зертхана мамандарының нұсқауымен асфальтобетонның сынамасын өзім жүргізіп, оның тығыздығына анықтау жүргізудемін.

Өндірістік тәжірибе барысында жылжымалы зертхананың да атқаратын міндеті мен жұмысымен танысудамыз. Жылжымалы зертхананың көмегімен «Қызылорда-Жезқазған» трассасының асфальтобетон құрамасына үлгі сынамалар алынып, зертханада зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, заман жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат ете отырып, жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын, бәсекеге қабілетті талапты ұрпақ тәрбиелеуде колледжіміздің инженер-педагогтарының еңбектерін айта кеткен жөн.

Білімді тәжірибе негізінде нығайту жолында әлеуметтік серіктестіктердің маңызы зор.

Кемал ЕРІМБЕТ,
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі, АД-22о- оқу тобының студенті

Қазақстан Республикасы Мәдениетжәне спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы негізінде және Қызылорда облысы бойынша «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Белкөл кентіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиналыстың ХАТТАМАСЫ №1

Белкөл кенті
21 қараша 2023 жыл Сағ:11-00

Жиналыс төрағасы: Ж.Сәду – Белкөл кенті әкімі.

Жиналыс хатшысы: Н.Куанышбаев – бас маман.

Мәдениет және спорт бөлімінің бас маманы – Қ. Алтынбаев

Жиналысқа қатысқандар: Қоғамдық кеңес төрағасы, мүшелері, ардагерлер кеңесінің төрағасы, Белкөл кентінің тұрғындары.

Барлығы – 25 адам.

Күн тәртібінде:

1.Белкөл кентіндегі Путейцева, Путейцев тұйығы, Зеленая көшелеріне атау беру туралы.

2.Пікір алмасу.

Тыңдалды:

Жиналысты Белкөл кентінің әкімі Ж.Сәду ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

Ж.Сәду – Белкөл кентінің әкімі: Бүгінгі күннің күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы талаптарын сақтай отырып және Қызылорда облысы бойынша «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Белкөл кентіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып кентіміздегі көшелерге атау беру және қайта атау туралы ұсынысқа байланысты төмендегідей мәлімдеді:

Путейцев көшесін – Сауран, Путейцева тұйық көшесін – Теректі есімімен, Зеленая көшесін – Жасыбай есімімен қайта атау ұсынысын айтты.

Белкөл кентінің тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің атаулары мен жер-су атауларымен танысып жаңадан атау беруге келіп түскен ұсыныстарға толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан қолдау білдіріп, шешім етті. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Көше атауын беру жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған жер-су атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттарды дайындап, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын:

2. Осы хаттаманың орындалуы кент әкімі Ж.Сәдуден сұралсын.

Жиналыс төрағасы: Ж.Сәду
Жиналыс хатшысы: Н.Куанышбаев

Тасбөгет пен Талсуатта жаңа әкім

Өткен жексенбіде ҚР «Сайлау туралы» заңға сәйкес облыста 11 аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауы өтті.

Облыстық сайлау комиссиясының мәліметіне сүйенсек, Арал, Қазалы, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған ауданы және қалаға қарасты Тасбөгет кенті мен Талсуат ауылдық округінің әкімін сайлауға 51 сайлау учаскесі құрылып, 81 мыңнан астам сайлаушы тіркелген. Сонымен бірге 676 сайлаушы үйден дауыс беруге өтініш қалдырған.

Бұл жолғы әкімдер сайлауына 32 үміткер қатысқан. Оның 26-сы өзін-өзі ұсыну тәртібімен бақ сынады.

Жексенбі күні таңертең сағат 7.00-ден басталған сайлау кешкі 20.00-ге дейін жалғасты. Сайлау қорытындысымен басым дауысқа ие болған үміткерлер анықталды.

Қалаға қарасты Тасбөгет кентінің халқы кей ауданның тұрғындарымен пара-пар. Экономикалық белсенді халқы басым кентті басқаруға 3 үміткер бақ сынады. Кент жұртшылығы да сайлауға қатысуда ауызбірлік танытып, өз таңдауын жасады. Нәтижесінде кандидат Айдын Тыныштықбай 10099 дауыс жинап, басымдыққа ие болды. 1993 жылы дүниеге келген Айдын Маратұлы Тасбөгет кенті әкімі болып сайланды.

Әкім сайлауында талсуаттықтар да белсенділік танытты. Ауылдық округтің өсіп-өркендеуі үшін лайықты үміткерді таңдауда ауыл халқы қалыс қалмады. Сайлау науқанында сайлаушылар үміткерлердің ішінен Ерлан Бейсенбаевқа басым дауыс берген. Нәтижесінде 743 дауыс жинаған Ерлан Тұтқабайұлы Талсуат ауылдық округінің әкімі болып тағайындалды.

Халық сеніміне ие болған екі кандидат та сайлауға өзін-өзі ұсыну тәртібімен түскен.

СІБІР ЖАРАСЫ – ҚАУІПТІ АУРУ

Сібір жарасы – жіті өтетін, өлі тиіп, күйдіргі тектес қабыну ретінде байқалатын жұқпалы ауру. Бұл ауру малдың әр түлігінде өзінше аталып келеді. Ауру қоздырушысының бастауы – ауырған жануарлар. Олар бациллаларды нәжіс, несеп, сілекей арқылы бөліп шығарады. Осы аурудан өлген жануарларды сойып ішін жарып көруге болмайды. Өйткені өлген немесе сойылған малдың терісі, еті, жүні, т.б арқылы індеттің қоздырғышы сыртқы ортаға таралады. Қоздырғыштың таралуына ет қоректілер мен жыртқыш құстар да себепкер болады.

Сібір жарасы малға оларды ауру қоздырғышымен ластанған жайылымдарға жайып баққанда, шөп, су арқылы тарайды. Індет негізінен жаз айларында өршиді. Малдың ауыз, жұтқыншақ кілегей қабықшаларындағы жарақаттар немесе ас қорыту жүйесіндегі ақаулар аурудың тарауына негізгі себеп болады. Сібір жарасынан өлген малдың өлексесі тез бүлінеді, әдетте кебініп, сіресуі болмайды немесе әлсіз дәрежеде байқалады. Табиғи тесіктерінен қанды сұйық, кейде қан ағады. Әр жерінде, көбінесе жағының астында, мойынының төменгі жағында қолтығы мен шабында былқылдаған ісік болады. Қаны қара қошқыл түсті, ұйымайды. Сөл түйіндері ұлғайып, шүйгінделіп, қанталап тұрады. Көкірек және құрсақ қуыстарында қанды сарысу іркіледі. Ауру аса жіті өткенде өлекседе сібір жарасына тән өзгерістердің болмауы мүмкін екенін естен шығармаған жөн.

Сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері, сондай-ақ жануарлардан алынған шикізат пен өнім арнайы қондырғыларда өртеледі. Күл қалдығы Беккари шұңқырына салынады. Ал лажсыз сойылған, өлексесі жарып ашылған жерді мұқият өртейді, содан кейін 20%-дық хлоры бар әк ертіндісін құяды.

Сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері көмілген мал қорымдарына адамдар мен жануарлар кіре алмайтындай етіп бүкіл периметрі бойынша биіктігі кем дегенде 1,5 метр болатын қоршаумен (металдан немесе бетоннан) қоршайды, «Сібір жарасы» деген жазуы бар тақтайшалармен (аурудың пайда болған күні) белгіленеді.

Бұл аурудың алдын алу үшін жануарларға жыл сайын жоспар бойынша профилактикалық-диагностикалық іс-шараларды жүргізіп, ауруға қарсы егіп отыру қажет. Ал қауіп жоғары деңгейде деп есептелетін аймақты вакциналау жылына екі мәрте жүргізіледі. Сонымен қатар індет шыққан жағдайда сол жерді толық есепке алып, сауықтыру, санитариялық шектеу шаралары жүргізіліп отырады.

А.САҒЫНБАЕВА,
ҚР АШМ ВБжҚК Қызылорда қалалық аумақтық **инспекциясының бас маманы**

24

Расында, жер үйде немесе көпқабатты тұрғын үйде тұрсаңыз да тап-таза, әп-әдемі етіп тұрғанға не жетсін... Әрине, жер үйдің иелері онсызда осы ұстанымды ұстайды. Ал көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын тұрғындардың бәрі бірдей емес. Олардың кейбірі не Үкіметке, не көршісіне жүктей салады. Бірақ қаламыздағы «Сырдария» мөлтек ауданының №9 үйдің тұрғындары басқаша. Басқаша болғанда олар басқаларға үлгілі. Қай жағынан үлгілі? Жақында осы үйдің бірінші подъезд тұрғындарын түсірген видео әлеуметтік желіге жарияланды.

ӘДЕМІЛІКТІ СҮЙЕТІН ТҰРҒЫНДАР

Осы үйде тұрғым келеді

Негізі «Сырдариядағы» осы үйге барсаңыз, сіздің де сол үйдің тұрғыны атанғыңыз келетіні хақ. Сырты әппақ болып әктелген көпқабатты үй көптің көзіне бірден түседі. Ал подъездерінен бірінші подъездің тазалығы, ішінің сырланғаны тіпті ерекше.

Бісміллә деп кіргеннен бастап есік жанына үйге кірердегі, үйден шығардағы дұға жазылған. Әр қабатқа ақырындап көтерілсеңіз, терезе алдындағы бөлме гүлдерін көре аласыз. Иә-иә, бұл подъездің тұрғындары бөлме гүлдерін үйлеріне емес, сыртқа сән беру үшін қойған. Ал қабырғасында әдемі картиналар ілулі тұр.

Әдемілікпен үйлескен подъездің тазалығында мін жоқ. Осы подъездге қонаққа келген адамдардың барлығы қызыға қарап кетеді екен. Тіпті мұндай жанға жайлы үйді көргендер берекеге балап, «сататындар болса аламыз» дейтіндер қатары көп көрінеді. Расында, бұл үйге кірсеңіз шыққыңыз келмейді.

Көршілердің татулығы

Бұл бастаманы бастау, қолға алу, оны ұйымдастыру оңай шаруа емес. Осының бәрін айналасына түсіндіріп, тазалық мен әдемілікті, тәртіпті қалаған тұрғын – Сәнімжан Үмбеталива. Сексен жасқа келген ақжаулықты апамыздың еңбегі зор. Үш тілде еркін сөйлейтін, көпті көрген, жан-жақты белсенділігі бар апамызды іздеп бардық.

– Бұл үйде алпыс отбасы тұрады. Кем дегенде үш жүз адам кіріп шығады. Жүз ойын баласы бар. Ал өзімнің тұрып жатқаныма 13 жыл болды. Осыншама уақыт ішінде үйге қарамасақ, ол азып-тозып кетеді емес пе... Негізі көршілеріме алғыс айтқым келеді. Үйдің сыртын әктету, өзіміз тұратын подъезд тазалығын ұқыпты ұстау тек менің ғана емес, бәріміздің міндетіміз. Осы міндетті түсініп, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, жан-жақтан көмектескен, қаржысы жағынан бірлесе ұйымдасып кіріскен көпшіліктің арқасы деп білемін.

Осы кезде үй толық жөндеуден өтіп, жаңарып қалды. Үйдің кішкентай тұрғындарына дейін «таза ұстаңдар, қабырғаны сызбаңдар, қағаз тастамаңдар» деп жиі айтып отырамын. Балалар да сол тәртіпке үйренді, – деді Сәнімжан апа.

Әңгіме арасында кейіпкеріміздің байқағанымыз, тазалықты, тәртіпті жаны сүйеді.

– Көпшілік болған соң бәрінің бірдей тәртіпке бағына беруі қиындау. Әр адам әртүрлі. Бірақ сабырмен түсіндіріп, жылы сөйлесе білсең, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Қазір көршілерім жақсы жандар, – деді ақжаулықты ана, әзиз әже.

Тағы бір байқағанымыз, осы тоғызыншы үйдегі ерекшесі осы подъезд екен.

– Үйді толықтай жөндеуден өткізген соң енді әркім өз подъезін таза ұстау керектігін айтқан болатынмын. Бірақ осы ұстанымды біз ғана ұстанып қалған секілдіміз. Шынымды айтсам, подъездің таза болғаны тек өзімізге ғана емес, сырттан келгендерге де қатты ұнайды. Бізді мақтап кетеді, – деп күлімдеп үн қатты Сәнімжан апамыз.

Апамызбен әңгімелесіп тұрған сәтте көршілері де ол кісінің өте еңбекқор, белсенді жан екенін тілге тиек етті.

– Біздің апамыз өте белсенді. Егер осы қабырғаны біреу сызып кетсе, бірден суретке түсіріп, көршілердің чатына жіберіп отырады. Бәрімізді қадағалап отыр. Жалпы көршілердің арасында осындай үлкеніміздің болғаны дұрыс, – деп күліп алды құдайы көршісі.

Ойланып қарасақ, әлгі көршісінің айтқаны жөн-ақ. Расында, әр үйде Сәнімжан апамыздай айналасына ақылшы, жақсылыққа ұйыстырушы жан табылса, қаламыздағы барлық үйлер таза, ұқыпты болар еді. Иә, үлгі боларлық іс.

Бұл – берекелі үй

Көршілері осылай деді. Тіпті бір қызығы, осы тоғызыншы үйде бір пәтер сатылатын болса, бірден сатылып кетеді екен. – Өткенде бесінші қабаттан бір бөлмелі пәтер сатылып кетті. Сенесіздер ме, үш адам таласып қалды. Біздің үйде пәтер сату ешқандай қиын емес. Сатуға қойсақ болғаны, сатып алушылар көптеп келеді. «Осы берекелі үйден алғымыз келеді, көршілері де жақсы, үй де таза» деп сырттай қызығып жүргендер көп-ақ, – деп тұрғындар үйлерін мақтан тұтты.

Тілші түйіні

Бізде жыл сайын қала күні аталып өтеді. Сол мереке күндері «Үздік аула» байқауы жарияланып, соңында үздіктер марапатталып жүр. Шаһарды жасыл-желекке айналдыру бағытындағы жұмыстарға өз үлестерін аянбай қосып келе жатқан қала тұрғындарын ынталандыруды мақсат еткен бұл байқау 2018 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді.

Ал олардың қатарында «Үздік подъезд» деген байқау жоқ екенін білдік. Енді кім біледі? Бәлкім, осыдан кейін үздіктердің қатарына Сәнімжан апамыз бастаған көршілер, бірінші подъезд тұрғындары кіріп қалар... Себебі көпшілікке нағыз үлгі боларлықтай берекелі үй екенін байқадық. Лайым, қалада осындай жанашыр, тазалықты, әдемілікті қалайтын тұрғындар көбейе берсе екен дейміз.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ НЕГЕ ТОҚТАП ТҰР, ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

ҚҰРЫЛЫС БАСТАЛҒАН СӘТ

Иә, көпшілік көпір құрылысының басталғанын көріп қуанды. Асыға күтті, әлі де күтіп жүр. Сол кезде барлық БАҚ жарыса жазған еді.

«Қала сыртында орналасқан жаңа Бәйтерек тұрғын ауданы барын көпшілік жақсы біледі. Осы кезде бұл жақта қызу тірлік. Қызылжарма арнасы арқылы Бәйтерек ықшам ауданына өтетін көпір құрылысы қарқынды жүруде. Жауапты мердігер компания «Стандарт Ойл» ЖШС директоры А.Ертаев:

– Бұл көпірдің ұзындығы – 47, ені – 10 метр болады. Жұмысшы бригалардың арқасында көпір құрылысын сапалы әрі уақытылы бітіріп, ел игілігіне табыстаймыз деп отырмыз, – деп жауап берді. Мердігердің айтуынша, Қызылжарма арнасын асып өтетін көпірмен тамыз айынан бастап автокөліктер жүйіткитін болады», – деп біз де газет бетіне берген едік.

Жалпы ұзындығы 47 метрді құрайтын көпір құрылысына облыстық бюджеттен 366 млн теңге қаржы бөлініп, құрылыс монтаж жұмыстарын жеңімпаз атанған мердігер мекеме «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС атқаруда. Ал техникалық қадағалаушы – «ДамирЖобаҚұрылыс» ЖШС болса, авторлық қадағалаушы «Алматыдорпроект» ЖШС болып табылады.

БҮГІНГІ СӘТ

Көпір құрылысы қарқынды жүрді. Бірақ тамызда берілетін көпір күз айларына қарай ысырылды. Қазір қыстың алғашқы айына қадам бастық. Көпір әлі берілмеді.

Құрылыс басына тағы барғанды жөн көрдік. Алайда көпір басында құрылысқа жауап беретін жанды таппадық. Яғни жұмысшылар жоқ. Тым-тырыс. Тек балаларын жетектеген Бәйтеректің тұрғындарын ғана көре алдық.

– Өзім бірінші Бәйтеректе тұрамын. Негізі бұл көпір жаздың соңында беріледі деп естіп, бір қуандық. Одан күзге қалыпты деді. Енді көпірді салу оңай емес қой деп тағы күттік. Бірақ қыс келді. Әлі ашылған жоқ. Ашылмаса да адамдар әр жаққа өтіп жүр. Тіпті көліктер өздері ашып, өтіп жүргенін көріп жүрміз. Енді кім айналғысы келеді дейсіз? – деді №1 Бәйтерек тұрғыны.

Басы 1-бетте

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметі бойынша, көпірдің құрылыс жұмыстары қазіргі таңда 97 пайызға аяқталған. Мердігер мекеме құрылыс жұмыстарын келісім шартта көрсетілген мерзімде аяқтамауына байланысты сот органдарына талап-арыз ұсынылып, жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл төлеу туралы соттың алғашқы шешімі шықты. Алайда мердігер мекеме тарапынан апелляциялық шағым беріліп, сот отырысы күтілуде.

P.S. Жауап осы. Ал қашан беріледі деген сұраққа келсек, негізі жоспар бойынша осы жылдың соңына дейін берілуі керек. Егер ол мерзімнен қалса, келер жылды күтпестен басқа амал қалмайды.

ӘКІМ САЯЖАЙДЫ АРАЛАДЫ, НӘТИЖЕ НЕ БОЛДЫ?

Бүгінде қалаға іргелес жатқан бірнеше саяжай мен «Сабалақ» елді мекені бар. Аталған елді мекендерде 9 мыңға жуық тұрғын тұрады. Жалпы әр саяжайдың қордаланған өз мәселесі бар. Осыған дейін аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің, қала әкімі Асылбек Шаменовтің құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшыларымен бірге қала іргесіндегі саяжай тұрғындарымен кездесуі өткенін ел жақсы біледі.

Қала басшысы әр саяжай халқымен кездесіп, мәселелерін тыңдап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырма берген болатын. Әкім аралады, ал нәтижесі қалай болуда? Алдағы уақытта саяжайларда қандай жұмыс атқарылмақ?

Қалалық қоғамдық даму бөлімі мамандарының айтуынша, қараша айында барлық саяжай тұрғындарымен кездесіп, бірінші кезекте шешілуі тиіс мәселелер тізімі жасалды. Қазір саяжайларға ауыз су жүйесін жүргізу, жол салып беру, тозығы жеткен электр желілерін жаңғырту бойынша демеушілерді тарту жұмыстары қолға алынды.

САЯЖАЙЛЫҚТАРҒА ГАЗ КЕРЕК

Қалаға жақын орналасқан «Эдельвейс» саяжайында 1000-ға жуық тұрғын бар. Бұл аумақты инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмыстары аясында 2021 жылы «Эдельвейс» және «Өркендеу» саяжайларының кіреберіс жолына жарық бағаналары орнатылып, олардың тұсынан өтетін магистральды жол салынды. Өткен жылы «Эдельвейс» саяжайына 4,6 шақырым, «Орбита» саяжайына 2,4 шақырым электр желісі тартылды. Биыл қазан айында «Эдельвейс» саяжайындағы ауыз су құрылысы аяқталды. Сонымен қатар «Орбита» саяжайында 12,4 шақырым болатын ауыз су құрылысы жүргізілуде.

Тұрғындар сол кездесуде газ және жарықтандыру мәселелерін көтерген болатын. Бұған байланысты қалалық электр тораптары басқармасына электр бағаналарына жарық шамдар орнату тапсырылды. Сондай-ақ берілген жер телімдерін қайта зерделеу, игерілмеген учаскелер бойынша қажетті шаралар қолға алынуы тиіс.

МӘСЕЛЕ ШЕШІЛЕ МЕ?

Кездесудің бірі «Еңбек» саяжайында өткен. Бұл аумақ «Игілік», «Өркендеу» саяжайларынан құралған. Мұнда 700-ге жуық халық тұрады. Осыған дейін 2 шақырымдық 4 көшеге қиыршық тас төселген. Жұмыстар өткен жылы да жалғасын тауып, 7,2 шақырым электр және 6,1 шақырым ауыз су желісі жүргізілді. Тұрғындарды толғандырған түйткілдің бірі – ауыз су сапасы, жол мәселесі. Бұл бойынша тиісті сала басшыларына арнайы тапсырылып, қадағалауға алынды. Саяжайлардың басты мәселесі – көгілдір отынға қосу. Бұл бойынша 2024 жылы жоба-сметалық құжаттамасы әзірленетін болады.

«САБАЛАҚҚА» КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАШАН БАРАДЫ?

Тасбөгет кентіне қарасты 4000-нан астам тұрғыны бар «Сабалақ» саяжайында электр, ауыз су мәселесі толығымен шешімін тапқан. Жол мәселесі де тұрақты назарда. Аумақта ұзындығы 4,7 шақырымды құрайтын 3 көше асфальттанған. Биылдың өзінде осындағы 16,5 шақырым болатын негізгі 18 көшеге қиыршық тас төселді.

Бұл аумақта газ мәселесі өзекті болып тұр. Елді мекенді көгілдір отынға қосу бойынша «АЭS and Limited» ЖШС демеушілігімен өз қаражаты есебінен 100 млн теңгеге табиғи газ желісін тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Бүгінде сараптамадан өткізуге дайындалуда.

ҚОС САЯЖАЙДАҒЫ ҚОРДАЛАНҒАН СҰРАҚТАР

Қала іргесінде «ПМК-29», «ПМК-66» саяжайлары бар. Бұл жақтың қордаланған мәселесі жеткілікті. «ПМК-29» – «Электромонтажник», «Мелиоратор», «Самал-2», «Аэрофлот», «Сантехник» саяжайларынан құралған. Ресми есеп бойынша мұнда 2000-ға жуық халық тұрады. Қоғамдық көлік бекітілген кестеге сәйкес аптасына 3 рет қатынайды. Саяжайлықтар жолаушылар тасымалын күнделікті режимге ауыстыруды сұрауда. Мәселеге орай «Автобус паркі» ЖШС басшылығына кестеге өзгерістер енгізу тапсырылды.

Оған қоса «ПМК-29», «ПМК-66», «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларының басты мәселесі қала аумағына қосу болса, басқа саяжай халқын көгілдір отын мәселесі алаңдатып отыр.

Арнайы елді мекен мәртебесі берілмегендіктен, бюджеттен қаржы бөліп, жоба-сметалық құжаттама әзірлеуге кедергі келтіруде. Бүгінде саяжайды қала аумағына қосу мүмкін болмай тұр. Себебі қаланың бас жоспарына өзгеріс енгізу мерзімі 2025 жылы аяқталады. Сол кезде жаңа бас жоспарды әзірлеу барысында өзгерістер енгізіп, саяжайларды қала аумағына қосу жұмыстары жүргізілетін болады.

Саяжайда электр желілерінің тозығы жеткен. Салдарынан қыс мезгілінде тұрғындардың тұрмыстық техникалары істен шығып қалады. Бұл жағдайға байланысты «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесі зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті шараларды қолға алды.

Тұрғындарды толғандырған түйткілдің бірі – саяжай аумағындағы «Иіркөл» жасанды көлінің жеке кәсіпкерге 49 жылға жалға берілуі. Көл иесі аумақты қоршап, арнайы су өткізгіш құрылғы орнатқан. Соның салдарынан саяжай халқы балық аулап, бау-бақшасына аяқсу жеткізе алмайды. Осы мәселеге орай кездесу барысында көл айналасындағы дауға байланысты заңдылығын қарау үшін құқық қорғау органдарына тапсырма берілді.

Сонымен қатар «ПМК-29» саяжайын қаламен байланыстыратын аралықтағы жолды жөндеуге қатысты нақты шаралар қарастырылады. Ал «ПМК-66» саяжайының 250-ге жуық тұрғыны сапалы жол салып, ауыз су желісін тартуды сұрайды. Қала әкімі жол мен ауыз судың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, түнгі жарықтандыру жоспарға енгізілетіндігін жеткізді. Оған «Ягодка», «Пищевик» саяжайларының инфрақұрылымын жетілдіруге жоба-сметалық құжаттамалары әзірленді. Бүгінде 7 көшесіне қиыршық тас төселіп, жаңа электр желілері тартылған.Бұл аумақтың да мәселелері рет-ретімен шешімін таппақ.

Бетті дайындаған **Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ЖАҢА ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Мемлекет басшысының еліміздегі жылуэлектр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес Сыр елінде ірі жоба жүзеге асуда. Жақында қалада жаңа жылу электр орталығының іргетасы қаланды. Бұл туралы өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласында орталық коммуникациялар қызметінде болған брифингте баяндады.

– Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба – жылуэлектр орталығының құрылысы біздің аймақта басталды. Құны 215 млрд теңге болатын орталық 2025 жылы ел игілігіне беріледі. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан арылуға, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



Республика күні қарсаңында және Сыр өңірінің 85 жылдығына орай қалада қуаттылығы 240 мегаватқа жететін жаңа жылу электр құрылысы басталып кетті. Құны 215 млрд теңге тұратын жобаның инвесторы – түріктің «Акса Энерджи» компаниясы. Ал бас мердігері болып, қазақстандық «Интертаско» компаниясы болып анықталған.

Негізі аймақта жылу беру маусымы 13 қазаннан басталып, тұрақты берілуде. Облыстағы барлық 1067 әлеуметтік нысан мен орталықтандырылған жылу жүйелеріне қосылған 855 көпқабатты тұрғын үй жылумен қамтамасыз етілуде.

Биыл жылуэлектрстансасының 2 газотурбиналық қондырғысы мен 1 су қазандығын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, жөндеу жүргізілуде. Бұдан басқа кәсіпорынның өз қаржысы есебінен 9 бу қазандығы мен 1 бу турбинасына және 18 автономды қазандықтарға жөндеу жұмыстары 100 % орындалды.

АСТАНАДА АЙШЫҚТАЛҒАН СЫР ӨНЕРІ

Сыр өңірінің өнер күндері «Бейбітшілік және келісім сарайында» Астана қаласының 25 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан Ару Астанаға» атты Қызылорда облысы өнер шеберлерінің гала концертімен қорытындыланды.

Астана халқы ең алдымен «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрмемен танысты. Көрмеге аймақтың жетістігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуын суреттейтін құнды экспонаттар қойылған. «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» мүсіндері, айтыс өнерінің ақтаңгері Мұхтар Ниязовқа берілген «Алтын домбыра» және өзге де жәдігерлерді тамашалады.

Сыры мен сипаты ерекше жәдігерлерді көруге ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, мемлекет және қоғам қайраткерлері Қырымбек Көшербаев, Гүлшара Әбдіқалықова, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Парламент депутаттары, зиялы қауым өкілдері арнайы келді.

Астанадағы өнер мерекесінің гала концертінде Сыр бойынан шыққан танымал эстрада жұлдыздары Жеңіс Сейдоллаұлы, Елена Әбдіхалықова, Жеңіс Ысқақова, Мәдина Сәдуақасова, Ғалымжан Нарымбетов, Құралай Мейрамбек ән шырқаса Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрі, симфония оркестрі, «Сыр самалы» вокалды-аспапты, «Томирис» би ансамбльдері, Сыр өңіріндегі жыраулық мектеп өкілдері өнер көрсетіп, елордалықтарды қуанышқа бөледі.

Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі Арал ауданының тумасы, күйші, композитор Мұрат Сыдықовтың «Батыр баба» күйін орындады. Экранда шежірелі өңірде тарихи төрт астананың болғандығын баяндайтын бейнетуынды көрсетілді.

Нұртуған жыр мектебінің өкілі Шолпан Биімбетова, Жиенбай жыр мектебінің өкілдері Руслан Ахметов, Күнсұлу Түрікпен, Нұрай Ерталапқызы, Майра Сәрсенбаева, Ақмарал Ноғайбаева және Марат Сүгірбай, бала жырау Нөсер Айдосұлы жырдан шашу шашты.

Қылқобызшылар Қорқыттың «Қоңыр» күйін орындаса, әнші, «Қазақстан дауысы» мега жобасының және халықаралық байқаулардың жеңімпазы Құралай Мейрамбек жергілікті ақын Оңталап Нұрмахановтың сөзіне жазылған Рамазан Таймановтың «Қорқыт-қобыз» әнін орындады.

Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі мен симфония оркестрі әлем классиктері мен қазақ композиторларының шығармасын орындап, өнердің құдіретті сазымен көпшілікті тәнті етсе, концерттің классикалық бөлімінде Мағжан Аманжолов, Мақсат Мақұлбеков, Ақылбек Табынбаев, Сымбат Тасбергенова және жерлестеріміз Бибігүл Жанұзақ, Ұлпан Әбдікәрімова, Алмат Изманбетов, Асхат Бөлебай классикалық шығармаларды шарықтата шырқады.

Сыр елінің тумасы Ғалымжан Нарымбетов симфония оркестрінің сүйемелдеуімен француз композиторының туындысын орындаса, «Сыр сандуғаштары» балалар тобы Ринат Гайсиннің «Астана» әнін төгілте орындады.

Ұлттық дәстүр мен классиканы, эстраданы ұштастырған, ерекше көңіл-күй сыйлаған сырбойылық өнерпаздарға Астана халқы ерекше қошеметпен қол соғып, құрмет көрсетті.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

СҰХБАТ

Театр – адам жанына рухани ләззат сыйлайтын мекен. Ондағы әлем ерекше, тылсым күйге бөлейді. Ал сахна төріндегі актер шеберлігі көрерменді қойылым ішіне енгізіп, оқиғаны өне бойынан өткізеді. Қайсыбір өнер саласы болмасын адам жанын емдеуші күш десек, оның ішінде театрдың алар орны бір төбе. Жақында Сыр өңіріне М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры гастрольдік сапармен келген еді. Бес күнге созылған сапар барысында Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында М.Әуезовтің «Қаракөз», Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі», А.Володиннің «Қоштасқым келмейді», А.Құнанбаевтың «Қара», Т.Нұрмағанбетовтың «Бес бойдаққа бір той» спектаклі қойылды. Осы орайда театр актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрермен көзайымы Шынар Жанысбековамен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Шынар ЖАНЫСБЕКОВА, М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрының актрисасы:

АЯҚТАН ШАЛУ – ӨЗІНЕ СЕНІМСІЗ АДАМНЫҢ ӘРЕКЕТІ

– Сізді көпшілік театрдан гөрі телевизия арқылы жақсы таныды десек артық болмас. Оның ішінде «77 күн» бағдарламасы арқылы көрерменнің көзайымына айналдыңыз. Одан бері де біршама жыл өтті. Қазір отандық бағдарламалардан да, кинодан да жиі көрінбей жүрсіз. Киноәлеміндегі көрермендер сағынған сияқты...

– Дұрыс айтасыз, менің танылуыма Серік Абас-шахтың «77 күн» бағдарламасы үлкен әсер етті. Ол кезде жаспын. Жалпы телевизиялық бағдарламаларға көп шақырту аламын. Тіпті тележүргізуші болуға да ұсыныс түскен. Алайда сол «77 күнге» түскенде жанашыр ұстаздарым теледидардан көп көріне берме деп кеңес беретін. Бет-әлпетінді сақта, жиі көріне берсең алдағы уақытта үлкен кинодан не басқа да ауқымды жобалардан шет қаласың деп ақылын айтты. Менің негізгі мамандығым театр және кино актрисасы ғой. Сол себепті кинодан көрінгенді құп көріп, біраз ұсыныстан бас тартамын. Отандық кино, сериалдарға түсуге шақырады. Бірақ ішінен саралай отырып көңілге қонымдысын таңдаймын.

– «Театр деген не?» деген сұраққа қысқаша қалай жауап берер едіңіз?

– Театр – адам жанын рухани байытатын өнер ордасы. Бірақ оған да лайық болу керек.

– Өнер саласында жүргеніңізге 30 жылдан асыпты. Театрдағы аға буын өкілісіз. Салада қазір қандай өзгеріс, тың дүниелер бар. Бүгінгі театрдың әттең-айы бар ма? Бір сұхбатыңызда «өнерді қайта жаңғырту керек» депсіз...

– Біздің кезімізде өнер саласына, оның ішінде театр актерларына қойылатын талап өте жоғары еді. Театрдағы көркемдік кеңес мүшелерінің үлкен сынынан өтетін едік. Одан біздің буын жаман болған жоқ. Өстік, шыңдалдық. Мысалы, мен театрға келгенде 3 жыл бойы ешқандай рөл сомдамадым. Ал қазір бәрі керісінше, қолжетімді, оңай дүниеге айналған. Бүгінде театрға келген жастарға бірден басты рөл беріледі. Соған масаттанады. Тіпті дайындықсыз, асығыс-үсігіс қойылым болар кезде келеді. Себебі басқа жерде қосымша жұмысы бар. Мұны өнерге деген немқұрайдылық деп айтар едім. Жалпы елімізді әлемге танытатын өнер. Халқымыздың өнері, мәдениеті арқылы болмысымызды таниды. Сондықтан өнер адамын дайындайтын оқу орындарына жауапкершілік қажет. Өз басым өнер саласындағы ақылы оқу дегенге қарсымын. Қазіргі жастар әртіс болуды құрмет, қошемет, танымалдылық, қызыл кілем деңгейінде қабылдайды. Ақылы оқуға ақшасы бар, өнерге қызыққан кез келген адам түседі. Ал нағыз тума талант тасада қалуы мүмкін. Ауыл-ауылды аралап, табиғи таланттарды тауып оқыту қажет. Олардан тұлға қалыптастыру керек деп ойлаймын. Мені тағы бір қынжылтатыны – өнердегі «менің оқушым» деген сөз. Себебі оқушысына рөл бергісі келеді. Театр басшысының оқушысы болады. Сосын оқушылар жүреді «бұл жерде менің ұстазым бар» деп. Театрда басты кейіпкерді ойнатуға болмайтын актерлар болады. Бірақ ол оқушысы болғандықтан ойнайды. Осыдан соң талғам төмендейді. Қойылым көруге келген көрермен де сол деңгейде қабылдайды. Дегенмен талантты адам түбі жарып шығады. Өнерді шын сүйген адам бәрібір ізденеді, еңбектенеді, ыстық-суығына төзеді. Мен жұмыста өзіме қандай талап қойсам, қойылымдағы серіктесімнен де соны талап етемін. Мейлі менің буынымдағы актер болсын, жас болсын ол үнемі ізденісте жүруі, бабын сақтауы, білімді болуы қажет. Бірақ бәрін бірдей жаман деп айта алмаймын. Театрға келген 5 актердің ішінен бір-екеуі ерекшеленіп шығады ғой. Оларға үнемі тілектестігімді білдіріп, қажет жерінде ақыл-кеңесімді айтамын. Бір қуантатыны, қазір театрлар классикалық жанрға қайта бет бұрып, оның ішінде М.Әуезов шығармаларын сахналауға басымдық берген. Жақында Евгений Вахтангов атындағы Мәскеу мемлекеттік академиялық театрының режиссері Гүлназ Балпейісованың М.Әуезовтың «Қаракөз» спектаклін тамашаладым. Сонда ондағы актерлардың ізденісіне, түрлі образ жасаудағы шеберліктеріне қызыға қарадым. Біздегі ақсап тұрған тұс – осы. Бұдан бөлек тіл тазалығын сақтау қажет. Мұны оқу орнында үйрету тиіс. Қазіргі көп актерда осы кемшілік бар.

– Қазіргі қоғам рухани бос, жалаңаш қоғам деген пікірмен келісесіз бе? Театрға келетін көрермен көп пе?

– Қазіргі таңда бізді рухани аздыратын әлеуметтік желіге әуестік ғой. Кейде осы біз қазақы болмысымызды жоғалтып алмадық па деген ой келеді. Біз өзімізді, ұлтымызды жеткілікті деңгейде бағалай алмай жүрміз. Қазақы болмыс дархан көңіл, кең пейілімен ерекше ғой. Осыны бағаласақ екен деймін. Ал театрға, рухани азық алуға, демалуға келетін көрермен көп деп айта аламын. Тепе-теңдікті сақтау керек сияқты.

– Бүгінгі күнге дейін қанша рөлде ойнадыңыз? Оның ішінде жаныңызға жақынын атап өтсеңіз...

– Осы кезге дейін көптеген рөлді сомдадым ғой. Берілген рөлді өзіне жақын ету керек дер едім. Себебі саған берілген кейіпкердің бейнесін көрерменге жеткізу қажет. Бақытыма орай, мықты режиссерлармен жұмыс істедім. Қайсыбір шығарма кейіпкерін сомдасам да жаныма жақын санаймын. Дегенмен халқымыздың ұлы ақыны туралы «Абай» спектакліндегі Ажар, Мұстай Кәрімнің трагедиялық «Ай тұтылған түнінде» Шапақ, 15 жылдан кейін осы туындыдағы Таңқа-бикенің рөлін ерекше айта аламын. Көп рөлді ойнау мақсат емес. Одан өспейсің. Менің тіпті кей спектакльде ойнамаған кездерім болды. Өйткені оның жаныма жақын емесін түйсігіммен сеземін. Мықты режиссерлармен жұмыс істегім келеді.

– Өнердегі бәсекелестікке қалай қарайсыз?

– Бәсекелестік жақсы жағынан болуы керек. Театр – таланттылардың тайталасатын алаңы дейді. Өнерді терең түсіну керек. Саған бұйырған дүние қалай болса да сенікі болады. Тіпті өнер адамдарының шығармашылық жолында кездескен кедергілер де, көре алмаушылық, қызғаныш әрекеттер де актердің өсуіне, қалыптасуына ықпал етеді. Мен бала кезімнен шығармашылық адамдарының өмірбаяны туралы кітапты көп оқитынмын. Мысалы, Қанабек Байсейітов, Шара Жиенқұлованың тағдыры жазылған кітапты оқыдым. Байқасам, халықтың көзайымына айналған мықты деген актерлардың қайсыбірінің өмірі оңай болмаған. Сондықтан аяқтан шалу өзіне сенімсіз адамның әрекеті деп ойлаймын. Нағыз таланттар, өнерді сүйгендер әрқашан бір-бірін қолдап, көтермелеп жүреді. Өзінен мықты талантты көрсе оған тамсанып, қанаттанады. Оның әрбір қойылымын жібермей көреді. Оң бағасын береді. Өзіне керегін алады.

– Өзіңіз айтқандай, сұлулығыңыздың сыры – жаныңыздың тазалығында екен. Жүректі таза ұстау үшін не істеу керек?

– Жүректі кірлетпеу үшін адам шүкіршілігін арттырып, мейірімді, жаман әдеттен, қызғаныш, көре алмаушылықтан ада болуы, адами қалпын сақтап, ұсақталмауы керек. Жанын таза ұстаған адам өмір сүрудің рахатын сезінеді. Әрбір сәттің құнын біледі. Құндылығын арттырады.

– Өнерде талапшыл екенсіз. Өмірде, отбасында қандай жансыз?

– Өмірде еркін, қарапайым жанмын. Отбасымда еркемін. Жолдасыма, балаларыма еркелеймін. Мен сахнада ғана әртүрлі бейнеге енемін. Көбісі өмірде қарапайым екенсіз ғой деп таңғалып жатады. Халық арасында табиғи қалпымда жүремін.

– Өмірде өкінішіңіз бар ма?

– Жоқ. Еш нәрсеге өкінбеймін. Құдай не нәрсені бұйыртса соған разымын.

– Бүгінгі Шынар Жанысбекованың қандай арманы бар?

– Отбасым аман, балаларым жақсы адам болып, өмірде өз орнын тапса деймін. Әдемі қартайғым келеді. Өнерде, кино саласында нағыз қазақ әйелінің бейнесін сомдағым келеді. Немере, шөбере, тіпті арғы ұрпағыма дейін менің әжем деп мақтанатындай тарихта ізім қалса деген арманым бар.

– Сіз үшін өмірде басты құндылық не?

– Адам атына лайық болу. Адами құндылықты сақтау.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан **А.СЕЙІЛ**
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 **Тапсырыс №1960**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ